

И.Т. Шакирбаева Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан
e-mail: indira.81-81@mail.ru

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҰҒЫМДАР МЕН КАТЕГОРИЯЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСЕРІ

Мақалада қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымының ерекшелігі мен әлеуметтік қарым-қатынастардың сипатын көрсететін әлеуметтік ұғымдар мен категориялардың зерттелуі мен мағынасы талданады. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік ұйымдасуы, әлеуметтік топтардың қызметі, олардың өзара қарым-қатынастарын көрсететін сауын, сауға, аманат, жылу, қызыл көтеру және т.б. әлеуметтік ұғымдарға баса назар аударалады.

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде салыстырмалы тарихи зерттеу әдістері мен әлеуметтік қарым-қатынастар француз әлеуметтанушысы Эмиль Дюркгеймнің тұжырымдамасына сәйкес талданады. Сонымен қатар қазақ қоғамының әлеуметтік ұйымдасуының этно және социомәдени ерекшеліктері мен қазақ қоғамының ұйымдасуының өркениеттік ерекшеліктері туралы жаңашыл тұжырымдар басшылыққа алынды. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік қарым-қатынастардың өзіндік ерекшеліктерін көрсететін әлеуметтік ұғымдардың бірқатары кеңестік тарихнамада қазақ қоғамын «көшпелі феодализм» теориясы шеңберінде зерттеген еңбектерде «үстем таптың» «езілген халықты» қанауының нақты механизмдері ретінде талданды, ал кей ұғымдар тек дәстүр ретінде ғана аталып өтті. Мақалада көтеріліп отырған мәселе ауыз әдебиеті үлгілерінің мәліметтері мен соңғы зерттеулерді тарихнамалық талдау негізінде сарапталды. Нәтижесінде дәстүрлі қазақ қоғамындағы жекелеген адамдар мен әлеуметтік топтар әлеуметтік қатынастарға түсе отырып, оның әрібір мүшесі сол қауымдастыққа тән ортақ ережелерді орындағаны, олар өз мүдделеріне сәйкес бір-біріне тәуелді бола отырып жеке адам социумның біртұтас бөлігі ретінде әрекет жасағаны тұжырымдалады. Осы тұрғыдан алғанда дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік қарым-қатынастар сипатын ашып көрсететін ұғымдар индивидтер арасындағы қарым-қатынастардың белгілі бір таптың немес топтардың экономикалық тұрғыдан пайда табу мақсатында емес, керісінде көшпелі қауымның (рудың) ортақ игілігі үшін жеке адамды әлеуметтік тұрғыдан қолдау мен оның кепілі ретінде көрініс бергені айқындалды. Бұл ұғымдар әлеуметтік қатынастар механизмдері қоғамда қалыптасқан моральдық-этикалық принциптер негізінде жүзеге асырылғаны көрсетеді.

Түйін сөздер: әлеуметтік ұйымдасу, әлеуметтік қарым-қатынастар, дәстүрлі қазақ қоғамы, сауын, сауға, аманат, жылу, рулық құрылым.

I.T. Shakirbayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
e-mail: indira.81-81@mail.ru

Problems of research of social concepts and categories in traditional Kazakh society

This article examines the study and significance of social concepts and categories that reflect the distinctive features of the social structure in Kazakh society and the nature of its social relations. Special emphasis is placed on social concepts such as sauyn, sauga, amanat, zhylu, and kyzyl koteru, and others, which illuminate the social organization of traditional Kazakh society, the activities of its social groups, and their interrelations.

The methodological framework for this study employs comparative historical research methods and draws upon Émile Durkheim's sociological theories to analyze social relations. The article also presents innovative conclusions regarding the ethno- and socio-cultural characteristics of Kazakh society's social organization, as well as the civilizational features unique to its development. Some of these social concepts, which reveal the specific nature of social relations in traditional Kazakh society, were previously analyzed in Soviet historiography within the framework of "nomadic feudalism," where they were interpreted as mechanisms of exploitation by the "ruling class" over the "oppressed people." Other concepts were merely noted as traditions. The study addresses this issue by utilizing data from oral literature and historiographical analysis of recent research. As a result, it is concluded that individuals and social groups

in traditional Kazakh society adhered to communal norms when entering into social relations, with each individual functioning as an integral part of society and being interdependent on others in accordance with shared interests. From this perspective, the concepts that reveal the character of social relations in traditional Kazakh society were not formed with the aim of gaining economic benefits for a specific class or group. Rather, they manifested as social support and a guarantee of personal well-being for the common good of the nomadic community (clan). These concepts demonstrate that the mechanisms of social relations were implemented based on the established moral and ethical principles in society.

Key words: social organization, social relations, traditional Kazakh society, sauyn, sauga, amanat, zhylu, clan structure.

И.Т. Шакирбаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан
e-mail: indira.81-81@mail.ru

Проблемы исследования социальных понятий и категорий в традиционном казахском обществе

В статье анализируется изучение и значение социальных понятий и категорий, отражающих особенности социальной структуры казахского общества и характер общественных отношений. Особое внимание уделяется социальным понятиям как сауын, сауга, аманат, жылу, қызыл көтеру и т. д., которые показывают социальную организацию традиционного казахского общества, деятельность социальных групп и их взаимоотношения.

Методологической основой исследования являются понятие социальных отношений согласно концепции французского социолога Эмиля Дюркгейма. Также мы руководствовались новыми концепциями об этно- и социокультурных особенностях социальной организации казахского общества и цивилизационных особенностях организации казахского общества. Некоторые из этих социальных понятий, показывающих специфику общественных отношений в традиционном казахском обществе, анализировались в советской историографии в рамках теории «кочевого феодализма» как специфические механизмы эксплуатации «угнетенного народа» «господствующим классом», а некоторые понятия упоминались лишь как традиции. Рассматриваемая в статье проблема проанализирована на основе данных образцов устной литературы и историографического анализа новейших исследований. В результате формулируется, что отдельные лица и социальные группы в традиционном казахском обществе, вступая в социальные отношения, выполняли общие правила, присущие одному и тому же сообществу, что индивид действовал как единая часть социума, будучи зависимым друг от друга в соответствии со своими интересами. Соответственно, понятия, раскрывающие характер социальных отношений в традиционном казахском обществе, выстраивались не для получения экономической выгоды определенным классом или группой, а скорее как механизм социальной поддержки и гарантии личности для общего блага кочевой общины (рода), реализуемые на основе установившихся морально-этических принципов.

Характер социальных отношений в традиционном казахском обществе показывает, что они строились основным не с целью получения экономической выгоды определенного класса или групп, а скорее проявлялись как социальная поддержка и гарант личности на общее благо кочевой общины (рода.). Эти понятия демонстрируют и то что, социальные отношения в основном базировались на принципы установившихся в обществе морально-этических норм.

Ключевые слова: общественная организация, общественные отношения, традиционное казахское общество, сауын, сауга, аманат, жылу, родовая структура.

Кіріспе

Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымының ерекшелігі мен әлеуметтік қарым-қатынастардың сипатын ашып көрсетуде әлеуметтік ұғымдар мен категорияларды анықтау, олардың мағынасын талдау маңызды. Себебі дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік ұйымдасуы, әлеуметтік топтардың қызметі, олардың өзара қарым қатынастарын көрсететін ұғымдар қалыптасқан. Олардың бірқатары тек әлеуметтік қарым қа-

тынастардың ғана емес, жалпы қоғамдық-саяси құрылыммен оның сипатын, рухани-этикалық нормаларын айқындайтын ұғымдар деңгейінде көрініс береді.

Қоғамдағы жекелеген адамдар мен әлеуметтік топтарың әлеуметтік қатынастарының үш белгісі анықталған. Біріншісі, қоғамның әрбір мүшесі сол қауымдастыққа тән ортақ ережелерді орындайды және оны құрметтейді. Екіншіден, қоғам мүшелері өз мүдделеріне сәйкес бір-біріне тәуелді. Үшіншіден, жеке адам өзін сол

қауымдастықтың біртұтас бөлігі ретінде санай және соған орай әрекет етеді. Осы тұжырымға, біз орай қазақ қоғамындағы әлеуметтік қарым-қатынастардың сипатын анықтайтын, дегенмен осы күнге дейін жеткілікті дәрежеде тарихи тұрғыдан талданбай келе жатқан бірқатар ұғымдардың зерттелуі мен маңызына тоқталамыз.

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде салыстырмалы тарихи зерттеу әдістері мен әлеуметтік қарым-қатынастар ұғымына сүйендік. Зерттеуде әлеуметтік қарым-қатынастар француз әлеуметтанушысы Эмиль Дюркгеймнің тұжырымдамасына сәйкес талданды (Дюркгейм, 1995). Сондықтан, әлеуметтік қарым-қатынастарды қоғамдағы жеке адамдардың немесе әлеуметтік топтардың бір бірімен қарым-қатынасы ретінде қарастыра отырып, осы қарым қатынастардың қазақ қоғамындағы сипатын анықтайтын төл ұғымдар мен олардың мәнін сарапқа саламыз. Сонымен қатар, Н. Әлімбаевтың қазақ қоғамының әлеуметтік ұйымдасуының этно және социомәдени ерекшеліктері (Алимов, 2009. Қараңыз: Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2011.11-34) және А. Оразбаеваның қазақ қоғамының ұйымдасуының өркениеттік ерекшеліктері туралы жаңашыл тұжырымдары (Оразбаева, 2017) зерттеудің методологиялық ұстанымын айқындайды.

Материалдар мен әдістер

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік қарым-қатынастардың өзіндік ерекшеліктерін көрсететін «сауын», «асар» ұғымдары кеңестік тарихнамада ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап жартысынан басап қазақ қоғамын «көшпелі феодализм» теориясы шеңберінде зерттеуге ұмтылған ғалымдардың зерттеулерінде үстем таптың езілген халықты қанауының нақты механизмдері ретінде талданғаны мәлім. Мәселенің кең көлемді тарихнамасы Н. Масановтың «Кочевая цивилизация казахов» атты іргелі зерттеуінің тисті тарауында берілген (Масанов, 2011: 461-42). «Көшпелі феодализм» тұрғысынан алғанда «сауын», «асар», «олжа», «сауға», «сыбаға», «аманат» және т.б. әлеуметтік қарым-қатынастарды айғақтайтын ұғымдар мен категориялардың мәні кеңестік тарихнамада бұрмаланып көрсетілді. Мәселен, «олжа» егінші-отырықшы аймақтарды қирату, талан-таражға түсіру кезіндегі басты мақсат ретіне талданды. Ал, «барымта» ұғымының мәні толық бұрмаланып, оның екінші тарапты өзінің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін өз талаптарын орындауға мәж-

бүр ету құралы ретінде әрекет етуші мазмұны бұрмаланып, орыс отаршылдығы кезіндегі теріс сипаты ғана: атап айтқанда тек ұрлау, тонау мен күш көрсету, зорлық пен қанау құралы ретінде сипатталды (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2011: 412). Дегенмен, соңғы жылдары ғылыми ізденістерде, жекелеген зерттеулерде қазақ қоғамына тән әлеуметтік институттар тарихы жеке жеке зерттелуімен (Оразбаева, 2004; Телеуова, 2007; Дауытбекова, 2016; Исенов, 2017; Қазақ Хандығы құрылымындағы, 2020; және т.б.) әрібір әлеуметтік топтарға, институттарға (батырлар, билер, тархандар, аталықтар және т.б.) әлеуметтік, қоғамдық, саяси функцияларын көрсететін ұғымдар мен категориялар да қоса зерттелгенін атап көрсетуге болады. Нәтижесінде бұл еңбектерде әрбір әлеуметтік институттарға тән ұғымдар жаңаша көзқарастар тұрғысынан қарастырылды. Мәселен, М. Дауытбекованың қазақ қоғамындағы батырлар институтына арналған еңбегінде қазақ батырларының ар-намыс кодексі, батыр институтына тән ұғымдар мен терминдер халық ауыз әдебиеті үлгілерін, әсіресе батырлар жырын нақты талдау негізінде сараланған (Дауытбекова, 2016.). ХІХ ғасырдағы ортаршылдық жүйеге байланысты дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік қарым-қатынастардың өзгеруі Ж. Артықбаевтың зерттеулерінде көрініс тапты. Бірақ, еңбекте біз қарастырып отырған әлеуметтік ұғымдар мен категориялар жеке талқыланып, басты мәселе қазақ қоғамының әлеуметтік тұрғыдан (материалдық – авт.) жіктелуінің тереңдей түсуі тұрғысынан қарастырылады (Артықбаев, 1993: 187-245). Мәселенің зерттелуін қарастырғанда 2011-2014 жылдары жылдары жарық көрген іргелі еңбек «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты 5 томдық энциклопедиялық еңбекті атап өтуге тиіспіз. Дегенмен, жалпы қазақ қоғамының әлеуметтік ұйымдасуының ерекшеліктерін ашып көрсететін мұндай ұғымдар толық зерттеліп, зерделенді деуге ертерек.

Осы орайда мақалада қазақ қоғамындағы әлеуметтік ұғымдардың мағыналық мәнін ашып көрсету мақсатында классикалық жазба деректермен қатар халық фольклорын, ауыз әдебиет үлгілерін дерек ретінде пайдаландық. Себебі көшпелі халықтардың дүниетанымында ауыз әдебиеті ерекше рөл атқарып, халықтың жадында сақталып, оның дүниетанымдық құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізді. Салыстырмалы түрде халық ауыз әдебиеті жазба деректер

жеткізе алмайтын қоғамның ішкі процесстерінен тереңірек мәлімет береді. Қоғамдық құрылым ішкі байланыстардан, сырт көзге байқалмайтын қоғамдық қатынастардан тұратындықтан, халықтың дүниетанымы, арман мақсаты, қоршаған ортаға қатысты түсінігі, руханияты турасындағы мәліметті сыртқы деректерден таба алмаймыз, оларды тек ұлттық деректерден, халықтың төлтума тарихи шығармаларынан ғана алуға болады. Мақаланы жазу барысында қазақ фольклорының үлгілері «Бабалар сөзі» атты 100 томдық жинақа еңген басылымдары бойынша пайдаланылды.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік қарым-қатынастардың сипатын ашып көрсететін әлеуметтік ұғымдар мен категориялардың зерттелуі, мәні мен мағынасы, орны негізінен ауыз әдебиеті үлгілерін дерек ретінде талдау мен мәселеге қатысты соңғы зерттеулерді тарихнамалық талдау негізінде қарастырылады.

Нәтижелер мен талдаулар

Қазақ қоғамын әлеуметтік топтасу тұрғысынан жабық «ақсүйектер» және ашық «қарасүйектер» тобы ретінде топтастыру орын алған. «Ақсүйектер» Шыңғыс ұрпақтары ретінде ерекше топты құраса, жалпы халық немесе «қара сүйектерге» мүліктік жағдайына қарамастан барлық әлеуметтік топтар кіреді. Ал, таптық принцип бойынша қазақ қоғамы мүліктік теңсіздік негізінде жіктелді. Сондықтан, қазақ қоғамын құраған әлеуметтік топтар арасында өзіндік қарым-қатынастарды айқындайтын және реттейтін әлеуметтік механизмдер қалыптасты. Олар түптеп келгенде әлеуметтік құрылымды ғана емес, қоғамдық қарым-қатынастар сипатын анықтап, саяси құрылымының ерекшелігін айқындады. Сондықтан қазақ қоғамының әлеуметтік-қоғамдық ұйымдасуының өзіндік сипаты мен ерекшеліктерін көрсететін әлеуметтік ұғымдардың мәні мен зерттелу мәселелерін жеке-жеке тақылауға көшсек.

Тарихнамада кең көлемде қарастырылған «Сауын» институтын кеңестік тарихнамада шаруаларды феодалдық топ өкілдерінің қанауының бір формасы ретінде санады. Дегенмен кезінде С.З.Зиманов «сауын әмбебап сипатқа ие болмағанын, тәуелділік пен үстемдік қатынастарының негізі болмағанын атап өте отырып, бірақ, сауын шаруалардың тәуелділігін күшейту құралдарының бірі, феодалдық қанаудың бір түрі болды» (Зиманов, 1958: 124) деп сипаттама берді. В.Ф.Шахматов тек қана сауынды ғана емес,

оның түрлерін, мәселен жүн беру, ат майын беру, т.б., сондай-ақ, мүліктің жағынан әртүрлі деңгейдегі жеке адамдардың малды бірлесіп бағуын, адам жалдау, рулық өзара көмек көрсетуді де қанаудың бір түрі ретінде көрсеткен (Шахматов, 1962: 30-32).

Н.Масанов сауынға мал беруді «көшпелі феодализм» немесе «патриархалды-феодалдық» қарым-қатынастардың барлық жүйесінің бастамасы ретінде көрсету, атап айтқанда «бай мал иеленушілер экономикалық тұрғыдан тиімсіз шарттармен кедей шаруаларға малды, мәселен феодал шаруаға жерді пайдалануға бергені тәрізді беру арқылы қанауға ұшыратты» деген тұжырымды жоққа шығарды. Ол қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымының мүліктік жағдайын талдай отырып, сауын институтының байдың кедейді қанау тетігі болғанын жоққа шығарады. Н. Масанов өмір сүруге қажетті минимумды қамтамасыз ету үшін 5-6 адамнан тұратын көшпелі қазақ отбасының шаруашылығында кем дегенде 100-150 қой болуы шарт екендігін алға тартады. Одан әрі зерттеуші XIX ғасырдағы статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, көшпелілерің 60-90 пайызы өмір сүруге қажетті минимум рестурсарға қолы жетпегенін атап өтеді (Масанов, 2011: 463-470). Сонымен қатар, зерттеуші көшпелі бұқараның жеке меншігіндегі малдың өндірісін ұдайы қамтамасыз ету мүмкін болмағандықтан, олар жеке ауқатты адамдардың шаруашылықтарымен біртұтас қауымдық ұйымға бірігулеріне тура келгенін, шын мәнінде, еңбек адамдарының массасы шаруашылық циклінің барлық мәселелерінде, атап айтқанда, жем-шөп ресурстарын пайдалану, табынның қалыптасуы, оның құрылымы, малды бағу, әсіресе қыста, бай мал иелерінің табына тәуелді болғанын атап өтеді. Ал, статистикалық мәліметтер бойынша сауын беруге қабілетті шаруашылық иелерінің (яғни байлардың – авт.) де көп болмағанын көрсетіп, сауынға негізінен төр түлік мал ішінде көбінесе ірі қара немесе сиыр малы көп алынғанын айқындаған (Масанов, 2011: 468). Осылайша автор сауын қанау түрі емес, керісінше кедейлерге берілетін садақа түрі болған болуы керек деп тұжырымдайды (Масанов, 2011: 470). Бірақ, зерттеуші «қанаушы» таптың мұндай «қайырымдылық» әрекеттерінің себебін көшпелі шаруашылықты ұйымдастыру талаптарынан келіп туындаған қажеттілік ретінде бағалайды.

«Көшпелі феодализм» бойынша кедей индивидтерді қанаудың тағы бір түрі ретінде қарастырылған әлеуметтік ұғымдардың бірі «асар» дәстүрі. Зерттеушілер «асар» жариялаған жеке

тұлғаға көмек көрсету тәртібін, яғни оларың көмек сұрауын қосымша жұмыс күшін қажет ететін шаруашылықтар иелері пайдаланғанына назар аударды. Олар асар өндіріс саласына, әсіресе жылдың қыс мезгілінде, сондай-ақ материалдық мәдениет объектілерін жасауда, қыстауларды салуда, түрлі салт-дәстүрлерді, рәсімдерді өткізуде «көмек көрсету» емес, бір қауым ішіндегі тәуелді адамдарды қанау формасы деп айқындаған (Масанов, 2011: 472). С. Броневский асардың сипаты туралы «Бай адамдар үшін қой қырку, ешкіден жүн тарау, жүнді сұрыптау, киіз басу көмекпен жүзеге асырылады. Үй иесі өзі білетін барлық әйелдер мен қыздарды шақырады, олар қажет нәрсені жасап, өздерінің әдет-ғұрыптары бойынша шаттық пен әнмен шай ішеді. Мұндай шақыртулар үнемі болып тұрады» (Броневский, 1830. 232) деп жазғаны белгілі. Кеңестік тарихнамада асар ұғымы да таптық тұрғыдан түсіндіріліп, бай шаруашылық тәуелді адамдардың еңбегін тегін пайдалануы арқылы жүзеге асырылатын қанау түрінің бірі деп бағаланды.

Қазақ қоғамындағы әлеуметтік қарым-қатыстардың ерекшеліктерін көрсететін ерекше ұғымдардың бірі – сауға. Көшпелі қазақ қоғамында «сауға сұрау», «сауға беру» дәстүрі міндетті түрде орындалуға тиісті әлеуметтік нормалардың бірі ретінде белгілі. Қазіргі ғылыми этникдопедиялық жинақтарда «сауға – көшпелі қоғамдағы дәстүрлі әлеуметтік нормалардың бір түрі. Көшпелі халықтарда ертеден қалыптасқан рәсім бойынша, соғыста түскен әскери олжаның бестен бір бөлігі «сауға» деп аталып, ханға тиесілі болды, қалғаны соғысқа қатысқан жауынгерлердің атақ-дәрежесіне, көрсеткен ерлігіне, жеңіске қосқан үлесіне сәкес әскери олжа ретінде таратылды. Сонымен бірге сауға ұғымы әрбір кәсіби жауынгердің өзінің әскери олжасынан соғысқа қатыса алмағандарға бөлісуге тиісті бөлігін де қамтыды. Сауға институты Монғол империясында, Алтын Орда мемлекетінде, Ноғай Ордасында, Дешті-Қыпшақ мемлекетінде заңды түрде бекітілген қоғамдық міндеттердің бірі болған. Қалыптасқан салт бойынша, соғысқа қатыса алмаған кез келген адам «сауға» сөзін айтып, әскери олжаға ие болған жауынгерден өзіне қалаған үлесін сұрап алуға құқылы болды деген анықтама берілген (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2014: 172). Сонымен қатар, біздің зерттеуіміз үшін сауға ұғымының маңызды әлеуметтік функциясын Қ. Ахметжанов ел ішіндегі асыраушысы жоқ жарлы мен жетімдердің әскери олжадан үлес алу (Ахметжанов, 1996: 19]

салтымен байланысты болғанын атап көрсеткен. Көріп отырғанымыздай «сауға» батырлардың маңызды әлеуметтік қызметінің бірі ретінде соғыста қаза тапқан жауынгерлердің, батырлардың отбасыларына материалдық тұрғыдан қолдау түрі болған. Осылайша «сауға» институты қоғамның әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған топтарын қолдаудың бір түрі ретінде көрініс береді. Бірақ, өкінішке орай қазіргі кездегі қазақ қоғамының әлеуметтік ұйымдасуы мен оның ерекшеліктері туралы зерттеулерде сауға институтының орны, трансформациясы туралы нақты зерттеулер жоқ. Себебі сауғаның соғыстан түскен олжадан үлес сұрау тәрізді материалдық тұрғыдан қолдау көрсету функциясымен бірге, соғыс кезінде тұтқынға түскен адамның бас бостандығын сұрап алуға, жанын өлімнен сақтап қалу, сондай-ақ жалпы бейбіт заманда да белгілі бір дау-дамайға ұшыраған адамға рақымшылық жасау, оған қорған болу құқығын сұруды да білдірген. Қоғамдық қарым-қатыстармен бірге дәстүрлі әлеуметтік институттардың қызметі де өзгерген сайын «сауғада» мағынасынан біраз өзгеріске ұшыраған әлеуметтік ұғымға айналды. Ол әлеуметтік қарым қатынастардың төменгі сатысында тұрған индивидтерді материалдық тұрғыдан қолдаудан гөрі, оларды әлеуметтік-құқықтық тұрғыдан қолдау құралына айналғаны туралы тұжырым жасай аламыз. Бұған ауыз әдебиеті үлгілеріндегі «сауға сұрау» дәстүрінің мәні туралы материалдар да куә бола алады. Мысалы: Кетбұға (XIII ғ.) күйші шығарғады делінетін «Ақсақ құлан» күйінің 3-ші нұсқасына қатысты айтылатын күй аңызында Шыңғыс ханның «сауғасы» яғни, кешірімін жеткізушілер келіп үлгермей Жошының қастандықпен қаза тапқаны туралы айтылады (Бабалар сөзі, 2012. 157). Бұл жерде «сауға» мағынасы жағынан материалдық олжа түрінде емес, жанын аман алып қалу, өмір сүру мүмкіндігін беру тұрғысынан қолданылып отырғанын көреміз. Ел ішінде орын алған түрлі дау-дамайлар мен оқиғалар барысында басы дауға қалған, әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған топтардан шыққан, жоқ-жітік не жетім-жесірлер және т.б. үшін жақын туыстары кепіл болып сауға сұрау дәстүрі кең тарады. Бұл дәстүрді қазіргі кезеңдегі ұғымдар тұрғысынан қарасақ әрекетті қылмыстық емес деп тану, яғни декриминализация үдерісінің бір көрінісі деп бағалауға болады деп санаймыз.

Әлеуметтік қарым-қатынастардың сипатын, соның ішінде әлеуметтік жауапкершілік ұғымын ашын көрсететін категория – аманат ұғымы. Жалпы аманат сөзі біздің халымыздың жадымен

астасып кеткен сөз. Аманат туралы «дәстүрлі ортадағы бір адамның екінші біреуге ақысыз сақтап, кері қайтарып беруі немесе басқа біреуге табыс етуі үшін берген малы, дүние-мүлкі, тұрмыстық заттарының жиынтық аттауы. Моральдық-этикалық іргелі ұғымдарының бірі. Аманаттың саны мен мөлшері шектелмейді және сақтау уақыты нақты көрсетіле бермейді. Бұл жерде екі тарап бар: аманаттаушы және аманатқа алушы. Осы екі тарап арасындағы үлкен сенім мен зор жауапкершілікті жүктейтін жосын» деген анықтама берілген (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2011. Т.1.: 218.). Көріп отырғанымыздай аманат сөзінің мағынасы да тереңде жатыр. Дегенмен, аманат ұғымы қазақ қоғамынағы әлеуметтік қарым-қатыстар тұрғысынан алғанда өзіндік мәні мен мағынасы толық зерттелмеген деп санаймыз. Біз бұл тұжырымымызды мақаланың басында атап өткеніміздей әлеуметтік қарым-қатынастарды қоғамдағы жеке адамдардың немесе әлеуметтік топтардың бір бірімен қарым-қатынасы ретінде қарастыру арқылы негіздей отырып, осы қарым-қатынастардың қазақ қоғамындағы сипатын анықтайтын төл ұғымдардың бірі ретінде «аманат» ұғымын ұсынамыз. Мәселен, ауыз әдебиет үлгілерінде аманаттың әлеуметтік қарым-қатынастар мен әлеуметтік жауапкершілік ретіндегі мағынасын нақты көруге болады. «Ер Бегіс» жырында батыр өлім аузында жатқан досынан аманатын сұрайды. Сонда досы:

Ай, құрдасым, құрдасым,
Жүрген бірге қосылып,
Арманда болып барамын.
Артымда менін, сұрасаң,
Кәрі атам мен анам бар.
Мен өткен сон дүниеден,
Сол атам менен анамды
Өзімдей қылып кім бағар,
Көңілін оның кім табар?!
Бағатұғын кісі жоқ,
Жұрттын онымен ісі жоқ.
Күрайды онын сүйегі,
Қарға-күзғынға жем болар,
Тірі болсаң, барасың,
Атам, анам бар болса,
Қабатына аларсың,
Өзімдей қылып бағарсың –

деп, одан әрі Ер Бегіске жары мен оның ішінде қалған баласын аманаттайды (Бабалар сөзі, 2008: 355.). Ер Бегіс елге оралғанда жолдасының қарына:

Ата менен анасын,
Іште қалған баласын,
Жар жолдасын – сені де,
Тапсырып маған кеткен-ді.
Мен алармын қолыма,
Құдай жазса оңына.
Іште қалған нәресте
Дүниеге келген соң,
Оңын-солын білген соң,
Тұмсықтыға шоқытпай,
Қанаттыға қақтырмай,
Оны да әкеп қосармын
Ноғайлынын тобына –

деп амантты қабылап, уәдесін береді (Бабалар сөзі, 2008. 358).

Аманатқа адал болу, оны толық орындау немесе оны орындамаған жағдайда адамға қандай да болмасын бір шара қолданудың нақты шарттары қарастырылмағанын атап өтуге болады. Аманат әлеуметтік қарым-қатыстар тұрғысынан алғанда әлеуметтік сақтаныру, кепілдік беру (мысалы, асыраушысынан айырылған, кәмелетке жетпеген балаларды бағу, қолдау, қарт адамдарға қамқорлық жасау, немесе белгілі бір материалдық игіліктің сақталуына кепіл болу және т.б. әрекеттер – авт.) ретінде көрініс бере отырып, «Аманатқа қиянат жасамау» этикалық ұстаным негізінде ғана жүзеге асырылған. Бұл қағида аманатқа негізделген қатынастар астарында да материалдық пайда табу емес, керісінше жоғарғы этикалық-моральдік қағидаларға негізделген ұстынамдар жатқанын көрсетеді. Қазақ қоғамында оның әлжуаз топтарын әлеуметтік қолдау түрлерінің бірі – жылу жинау дәстүрі. Деректерден жылу «үйі өртенген немесе шапқыншылықтан зардап шегіп, не қатты қыстан қиналған туыстарына көмек көрсету» түрі болғанын білеміз (Балюзек, 1871:148). Балюзек мұндай жақсы дәстүрдің қазақтардың ортасында кең тарағаны соншалық, егер кей жағдайда біреу одан бас тартатын болса онда оған бүкіл ру болып наразы болады, әрі ондай адамды рудан қуып шығумен қорқытатындығын атап өтеді (Балюзек, 1871:148). Сондықтан, біз бүгінге дейін сақталып отырған жылу жинау дәстүрінің алғашқы мәні әлеуметтік қолдау көрсету тетігі ретіне көрініс бергеніне сүйене отырып, оны да дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастар сипатын ашып көрсететін негізгі ұғымдардың бірі ретінде қарастыра аламыз. Сонымен қатар, ерекше әлеуметтік қолдау көрсетуге негізделген қарым-қатынастардың бір түрі – қызыл көтеру. «Қызыл көтеру» дегеніміз кедей туыстарының

бірінің ірі қара малы қандай да бір жағдайда бас көтермей қалса, мәселен қасқыр тартқан, немесе жем-шөптің аздығынан көтерем болып тұрмауға айналғанда амалсыз сойылған мал етін бөліп алу дәстүрі. Осындай жағдайда туыстары бұл малды 12 жілікке бөліп алады. Әрбір бөліп алған адам мал иесіне бір қозыдан береді. Бұл дәстүрде көшпелі мал шаруашылығын ұйымдастырудың экологиялық сипатынан туындаған, әлеуметтік ұйымдасу мен қолдаудың бір көрінісі ретінде бағалануы тиіс. Ортағасырлық автор әл-Омаридің деректерінде Алтын Орданың көшпелі тұрғындарының тұрмыс-тірлігі туралы айта келе: «Олардың бірі жылқы, сиыр, қой сияқты малынан айырылса, оны жанұясымен сойып жейді және (осы еттің бір бөлігін) көршілеріне береді. Көршінің қойы, сиыры, жылқысы бүлінсе, оны да сойып, бөліктерін сыйлық берген адамға береді. Осы себепті, оларда етсіз үй ешқашан болмайды. Өйткені олардың әрқайсысы ет беруді араларында парыз деп біледі» (История Казахстана в арабских источниках, 2005: 170-171) деген мәлімет қалдырған еді. Сондықтан, көшпелі тұрмыс-салтына байланысты туындаған бұл дәстүрді де біз қазақ қоғамының әлеуметтік тұрғыдан ұйымдасуы мен оны механизмдерінің бірі ретінде қарастыра аламыз.

Көріп отырғанымыздай қазақ қоғамындағы әлеуметтік қарым-қатынастардың сипаты бір әлеуметтік таптың келесі тапты экономикалық тұрғыдан кіріптарлыққа ұшырату арқылы материалдық игіліктерге қол жеткізу сипатындағы қанау түрінде емес, керісінше өзіндік ерекшеліктерге ие әлеуметтік қарым-қатынастардан тұрады. Әлеуметтік, қоғамдық-қарым қатынастарының өзіндік ерекшеліктерін айқындайтын бұл ұғымдар «қазақ көшпелілері арасындағы қауымдық қатынастардың этникалық сипаттағы ұйымдық формасы жеті ұрпақ ішіндегі туыстар тобын аталық жағынан біріктіретін және қоғамдық қатынастардың барлық дерлік негізгі түрлері мен деңгейлерін синтездейтін «жеті ұрпақ» деп аталатын экзогамиялық құрылыммен» (Алимбай, 2009: 317) тікелей байланысты болғанын тұжырымдаймыз. Себебі қазақ қоғамының ұйымдасу ерекшеліктері әлеуметтік-экономикалық, табиғи-экологиялық және институционалдық факторлардан құралған. Демек, қазақтар арасындағы қауымдық қатынастың жеті буындық түрі көшпелі этникалық топтың өзін-өзі ұйымдастыруының негізгі тәсілі болып табылады. Мәселен, XIX ғасырдағы орыс зерттеушісі Балюзек рудан шығып қалу немес рудан қуылу қазақ үшін қиын жағдай, себебі рудан аласта-

тылу адамның барлық қолдаудан және құқықтарынан айырылып қалуын білдіретіндігін атап көрсеткен (Балюзек, 1871: 148). Сонымен қатар, егер адам қылмысы үшін жазаға тартылса оның құнын (тек құн төлеуге болатын істерде ғана – авт.) бүкіл ру болып төлейді. Ешқашан қазақтар арасында өз туысарының құныны төлеуден бас тартып, оны өлім жазасына қиған жағдай болған емес деп те атап көрсетеді (Балюзек, 1871: 87). Осыған орай қазақ фолькорында «Қалқаман-Мамыр дауы» деген атпен таралған оқиғадағы арғын-тобықты Әнет бабаның шешімін мысал ретінде талдауға болады. Оқиға желісі бойынша Әнет бабаның атасы Сары батырдың бәйбішеден туылған баласы Мәмбетейдың қызы Мамыр мен Әнет бабаның бірге туған бауыры Әйтектің баласы Қалқаман жеті атаға дейін қыз алыспайтын ата дәстүрін бұзып, өзара көңіл қосқан. Тобықтының бар ісін Әнет бабадан кейін өз алдынан тарататын Көкенай батыр Қалқаманды өлтіруді талап етті. Ол Әнет баба бастап ұсынған құн төлеу шартына келіспейді. Дау ұшығып, елшісі бүліне болған соң баба «Қалқаман жүйрік атпен шауып өтсін, Көкенай сонда атсын» деген тоқтамға келеді. Қара санына ғана жараланып, аман қалған Қалқаман Ұлы жүз Шапырашты ішіндегі нағашы жұртына біржолата кетеді (Құдайбердиев, 1988: 287). Осы оқиғаны талдасақ, дәстүрді бұзған адамды «рудан аластауды», бірақ Қалқаманға нағашы жұртының ішіне кету мүмкіндігі арқылы өзінің әлеуметтік-қоғамдық құқықтарын сақтап қалуын қамтамасыз еткенін де көреміз.

Жалпы белгілі бір ру мүшесі болу қазақ үшін өмірінің, тәуелсіздігі мен еркіндігінің кепілі болып табылады. Ал, ру өз кезегінде өз мүшелерінің құқықтарын қорғау мен әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыз ету арқылы ғана өз тұтастығын сақтап отырғанын көреміз. Бұл жағдай өз кезегінде жеке тұлға-жеті ата-ру-тайпа-жүз-мемлекет деңгейіндегі қарым-қатынастар сипатын анықтады. Бұл ерекшелікті соңғы кезеңде зерттеушілер жаңа методологиялық ұстанымдар шегінде «топтық адам» ұғымымен байланыстырады. Бұл құбылыс дәстүрлі типтегі өркениеттерге тән. Себебі табиғи жағдайлар мен тұрмыс-салтына тәуелділік қалайда тұлғаның өзінің әлеуметтік тобымен аса тығыз байланысын туғызады. Зерттеуші А. Оразбаева бұл ерекшелікті «қарға тамырлы қазақ» деген ұғымға біріктіреді (Оразбаева, 2017: 203-230). Зерттеуші Еуразия көшпелілері өркениетінің әлеуметтік құрылымын антропогеоәруіенің базалық бірлестіктеріне негізделген «табиғат-адам-қоғам» тұтастығы

тұрғысынан қарасыруды ұсынады. Осылайша автор рулық-тайпалық құрылымға негізделген қазақ қоғамында жеке адам дегеніміз өзінің шығу тегін, яғни жеті атасы, сонымен қатар үш жұртымен (өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты – авт.) байланысты және өзіндік «Менін» рулық-тайпалық «Бізбен» сәйкестендіретін көшпелі социумның бөлігі болып табылады деп тұжырымдайды (Оразбаева, 2017: 217). Осылайша біз дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік қарым-қатынастар негізін қандас туыстық, рулық жүйемен тығыз байланысты қалыптасып, рухани-этикалық нормалар шеңберінде әрекет еткенін көреміз.

Қорытынды

Қазақ қоғамына тән әлеуметтік ұғымдар мен категорияларды талдай отырып қоғамның әлеуметтік құрылымы мен әлеуметтік қарым-қатынастар сипаты жалпы қоғамдық-саяси ұйымдасуы мен мемлекеттілігінің бастауларымен тағыз байланысын көреміз. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы жекелеген адамдар мен әлеуметтік топтар әлеуметтік қатынастарға түсе отырып, оның әрібір мүшесі сол қауымдастыққа тән ортақ ережелерді орындаған, олар өз мүделеріне сәйкес бір-біріне тәуелді болады және жеке адам сол социумның біртұтас бөлігі болып табылды. Осы тұрғыдан алғанда дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік қарым-қатынастар сипатын ашып көрсететін «сауын», «асар», «жылу», «аманат», «қызыл көтеру» және т.б. ұғымдар адамдар арасындағы қарым-қатынастардың белгілі бір таптың немесе әлеуметтік топтардың экономикалық тұрғыдан пайда табу мақсатында емес, керісінде көшпелі қауымның (рудың – авт.) ортақ игілігі

үшін жеке адамды әлеуметтік тұрғыдан қолдау мен оның кепілдігі ретінде көрініс бергені туралы қорытынды жасаймыз.

Бұл қазақ қоғамының әлеуметтік ұйымдасуының этно және социомәдени ерекшеліктері мен оның ұйымдасуының өркениеттік ерекшеліктерінен келіп туындаған қарым-қатынастар сипаты болып табылады. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік қарым-қатынастарың өзіндік ерекшеліктерін көрсететін кейбір ұғымдар, соның ішіне «сауын», «асар» ұғымдарының мәні кеңестік тарихнамада таптық-патриархалдық қатынастар шеңберінде бұрамалынып көрсетілді. Кейбір ұғымдар мәні, мысалы «жылу», «қызыл көтеру», «аманат» және т.б. әлеуметтік қарым-қатынастары айқындайтын категория ретіне қарастырылмады. Олар тек халықтың дәстүрі ретінде аталып қана өтіп, әлеуметтік-қоғамдық өмірдегі маңызы туралы айтылмады. Әлеуметтік, қоғамдық-қарым қатынастарының өзіндік ерекшеліктерін айқындайтын бұл ұғымдар «жеті ұрпақ» және «қарға тамырлы қазақ» деген ұғымға біріктірілген қандас рулық қарым-қатынастар сипатынан келіп туындаған. Себебі қазақ қоғамының ұйымдасу ерекшеліктері әлеуметтік-экономикалық, табиғи-экологиялық және институционалдық факторлар негізінде әлеуметтік-қоғамдық қатынастарың бұл ерекше түрі көшпелі этникалық топтың өзін-өзі ұйымдастыруының негізгі тәсілі болып табылды. Осылайша қандас туыстық негізіне белгілі бір ру мүшесі болу қазақ үшін өмірінің, тәуелсіздігі мен еркіндігінің, әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыз етілуінің кепілі болып табылады. Ал, ру өз кезегінде мүшелерінің құқықтарын қорғау мен әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыз ету арқылы ғана өз тұтастығын сақтап отырғанын көреміз.

Әдебиеттер

- Алимбай Н. (2009). Кочевая община казахов: проблемы этносоциологической реконструкции // Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. № 96. С. 317-326.
- Артыкбаев Ж. О. (1993). Казахское общество: традиции и инновации. Караганда. 330 с
- Ахметжанов К.С. (1996). Жараған темір кигендер: Батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері. Алматы: Дәуір, 256 б.
- Бабалар сөзі: Жүз томдық.(2008). Астана: «Фолиант». Т. 50: Батырлар жыры. 464 б.
- Бабалар сөзі: Жүз томдық.(2012). Астана: «Фолиант». Т. 84: Күй аңыздар. 432 б.
- Балюзек Л. (1871). Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие в Малой киргизской орде силу закона // Записи Оренбургского отд. ИРГО. Вып. II, 1871. 134 с.
- Дауытбекова М. Қ. Исаева А.И. (2016). Қазақ халқындағы батырлық дәстүрлер. Алматы. 246 б.
- Дюркгейм Э. (1995). Социология. Её предмет, метод, предназначение / Пер. с фр., сост., послесл. и прим. А. Б. Гофмана. Москва: Канон. 352 с.
- Исенов Ә.И. (2017). Қазақ қоғамынағы тархандар институты тарихы (XVIII-XIX ғғ). Қостанай: «Шапақ» ЖШС баспасы. 258 б.

История Казахстана в арабских источниках. (2005). Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из арабских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем (Переработанное и дополненное издание) Подготовка к новому изданию, введение, дополнения и комментарии Б.Е. Кумекова, А.М. Муминова. Алматы: Дайк-Пресс. 709 с.

Қазақ хандығы құрылымындағы билер, батырлар, қожалар, жасауылдар, аталықтар және тархандар институты. (2020). Монография / Ә. Мұқтар, Ү. Ахметова, Н. Атығаев. Алматы: Арыс. 248 б.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. (2011). Энциклопедия. Т.1. А-Д. Алматы: DPS. 736 б.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. (2014). Энциклопедия. Т.5. Ө-Я. Алматы: Азия Арна» баспасы. 840 б.

Күдайбердиев Ш. (1988). Шығармалары: өлендер, дастандар, қара сөздер. Алматы. 560 б.

Масанов Н.Э. (2011). Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности кочевнического общества. Изд.2-е, дополненное. / Сост. Л.Е. Масанова, И.В. Ерофеева. Алматы: Print-S. 733 с.

Оразбаева А.И. (2004). Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. Алматы: Дайк-Пресс. 206 б.

Оразбаева А.И. (2017). Формула государственности казахов. Москва: Press-Book.Ru. 376 с.

Телеуова Э.Т. (2007). Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік-құқықтық ерекшеліктері. Алматы: Қазақ университеті, 106 б.

References

Alimbay N. (2009). Kochevaya obshchina kazakhov: problemy etnosotsiologicheskoy rekonstruktsii [Nomadic community of Kazakhs: Problems of ethnosociological reconstruction] // *Izvestiya Rossiiskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta im. A.İ. Gertsena*. № 96. S. 317-326. (in Russian)

Artykbaev Zh. O. (1993). Kazahskoe obshchestvo: traditsii i innovatsii [Kazakh society: Traditions and innovations]. Karaganda. 330 p. (in Russian)

Akhmetzhanov K. S. (1996). Zharag'an temir kigender: Batyrlardyn' qaru-zharaǵy, askeri óneri, salt-dástúrleri [Those armored in steel: Weapons, military art, and traditions of the batyrs]. Almaty: Daur. 256 p. (in Kazakh)

Babalar sózi: Zhúztomdyq [Words of the Ancestors: Hundred-volume]. (2008). Astana: Foliant. Vol. 50: Batyrlar zhiry [Epic of the Batyrs]. 464 p. (in Kazakh)

Babalar sózi: Zhúztomdyq [Words of the Ancestors: Hundred-volume]. (2012). Astana: Foliant. Vol. 84: Kúı ańyzdar [Legends of Kuis]. 432 p. (in Kazakh)

Balyuzek L. (1871). Narodnye obychai, imevshie, a otnachasti i nynes imeyushchie v Maloy kirgizskoy orde silu zakona [Folk customs that had and still have the force of law in the Little Kirghiz Horde]. In *Zapiski Orenburgskogo otdela Imperatorskogo Russkogo Geograficheskogo Obshchestva*, Issue 2, p. 134. (in Russian)

Dauytbekova M. Q., Isaeva A. I. (2016). Qazaq halkyndaǵy batyrlıq dástúrleri [Heroic traditions of the Kazakh people]. Almaty. 246 p. (in Kazakh)

Durkheim E. (1995). Sotsiologiya. Eyo predmet, metod, prednaznachenie [Sociology: Its subject, method, and purpose] / Translated from French, compiled, afterword and notes by A. B. Goffman. Moscow: Kanon. 352 p. (in Russian)

Isenov Ó. I. (2017). Qazaq qoǵamynaǵy tarkhandar instituty taryhy (XVIII-XIX) [The history of the tarkhan institution in Kazakh society (18th-19th centuries)]. Qostanai: «Shapaq» ltd. 258 p. (in Kazakh)

Istoriya Kazakhstana v arabskikh istochnikakh [The History of Kazakhstan in Arabic Sources]. (2005). Volume I. Almaty: Daik-Press. 709 p. (in Russian)

Qazaq khandyǵy qurylymyndaǵy билер, batyrlar, qozhalar, zhasauyldar, atalyktar zhane tarkhandar instituty [The institution of biys, batyrs, khojas, zhassayuls, atalyks, and tarkhans in the structure of the Kazakh Khanate]. Monograph. (2020). Almaty: Arys. 248 p. (in Kazakh)

Qazaqtyń etnografiyalıq kategoriyalar, uǵymdar men atawlarınń dástúrlı zhiyesi [The traditional system of ethnographic categories, concepts, and terms of the Kazakhs]. Encyclopedia. Vol. 1. A-D. (2011). Almaty: DPS. 768 p. (in Kazakh)

Qazaqtyń etnografiyalıq kategoriyalar, uǵymdar men atawlarınń dástúrlı zhiyesi [The traditional system of ethnographic categories, concepts, and terms of the Kazakhs]. Encyclopedia. Vol. 5. Ö – Ya. (2014). Almaty: Azia Arna. 80 p. (in Kazakh)

Qudaiberdiyev Sh. (1988). Shyǵarmalary: óleńder, dastandar, qara sózder [Works: Poems, epics, prose]. Almaty. 560 p. (in Kazakh)

Masanov N. E. (2011). Kochevaya tsivilizatsiya kazakhov: osnovy zhiznedeyatel'nosti nomadnogo obshchestva [The nomadic civilization of the Kazakhs: The foundations of the life activity of the nomadic society]. 2nd edition, supplemented. Almaty: Print-S. 70 p. (in Russian)

Orazbaeva A. I. (2004). Dasturli qazaq qogamyna tan билер instituty [The institution of biys in traditional Kazakh society]. Almaty: Daik-Press. 206 p. (in Kazakh)

Orazbaeva A. I. (2017). Formula gosudarstvennosti kazakhov [The formula of Kazakh statehood]. Moscow: Press-Book.Ru. 376 p. (in Russian)

Teleuova E. T. (2007). Dástúrlı qazaq qoǵamynyń áleumettik-quyqytyq erékshelikteri [Social and legal characteristics of traditional Kazakh society]. Almaty: Qazaq universiteti. 106 p. (in Kazakh)

Автор туралы мәлімет:

Шакирбаева Индира Тулегеновна – Қазақстан тарихы кафедрасының докторанты, әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ. E-mail: indira.81-81@mail.ru.

Сведения об авторе:

Шакирбаева Индира Тулегеновна – докторант кафедры истории Казахстана, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы E-mail: indira.81-81@mail.ru

Information about author:

Shakirbaeva Indira Tulegenovna – doctoral student of the Department of History of Kazakhstan, Kazakh National University named after al-Farabi, Kazakhstan, Almaty E-mail: indira.81-81@mail.ru

Поступило: 21.08.2024

Принято: 20.11.2024